

Кесте мен сызбаларды, аудио-дискілерді (шет тіліндегі сөздердің дыбысталуы) дұрыс қолданған жағдайда, окушылар сол тақырыпты жақсы менгеріп, қызығушылықтары артады. Уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Барлық окушылар үй жағдайында бұл материалдарды дербес компьютерде (дискеттерде, CD-, DVD-дискілерде, flash-карталарда және т.б.) сактайды, бұл студенттедін уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Кей жағдайда сөздерді «жаза білмеу» жиі кездеседі. Оны сұрауга ұлады, ал АҚТ-ны қолданған жағдайда бұл мәселе толығымен шешімін табады.

Заман ағымы сапалы білімді талап етеді. Сонымен қатар, білім жүйесін ақпараттандыру алғашқы кезектің еншісінде болатын. Бірақ бірқатар себептерге байланысты еліміздің аймақтық бөлімдерінде білім жүйесінде АҚТ-ны қолдану енді ғана кен етек ала бастады. Қазіргі білім жүйесінде АҚТ-ны қолданбай, жаңа заман талабына сай білім беруі мүмкін емес. АҚТ-ны қолданудан бас тартқан жағдайда, ұстаз көп көлемді ақпаратты сактауды және оны жеткізуіді, статистикалық деректерді

өңдеуді жогалтады. Компьютерді және АҚТ-ны қолдану – оқытуды басқаруда, оқу жүйесінің тиімділігін арттыруда және ұстаздың уақытын үнемдеп, окушылардың білімін арттырады.

1. Галишинкова Е. М. Использование интерактивной Smart-доски в процессе обучения// Учитель. – 2007. - № 4. – с. 8-10
2. Гордиенко Г. А. Система тестовых технологий на уроках истории и обществознания// Учитель. – 2007. - № 3. – с. 9-10
3. Горина М. В. Информационные технологии на уроках русского языка// Учитель. – 2007. - № 5. – с. 11-15
4. Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М., 2003
5. Зубов А. В. Информационные технологии в лингвистике. – М., 2004
6. Клоков Е. В., Денисов А. В. Технология проектного обучения // Школа. – 2006. - №2. – с. 29-36
7. Использование современных информационных и коммуникационных технологий в учебном процессе: учебно-методическое пособие/ Авторы-составители: Д.П. Тевс, В. Н. Подковырова, Е. И. Апольских, М. В. Афонина. – Барнаул: БГПУ, 2006

3. Шадкам

СӨЗ БАСЫНДА ЭТИКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛ-ТӘСІЛДЕР

Әлемдегі барлық халықтарда қарым-қатынас сәлемдесуден басталатыны белгілі. Қазак халқындағы сәлемдесу күрделі, өзіндік жүйесі бар құбылыс десе де болады. Қазак халқында сәлемдесу міндетті түрде жасы кішіден басталады. Кіші үлкенге сәлем бермесе, оны әдепсіз деп санаған. Қазактың сәлемдесу жоралғысы – кішіден үлкенге қарай, ал жауап сәлем үлкеннен кішіге қарай жүреді. Бетпе-бет келіп қалғанда бір-бірінің үлкен кішілігін ажырата алмаған кезде жолы кішісі жолы үлкенге бұрын сәлем береді. Үлкенге кіші, әйелге ер адам, аттыға жаяуы, отырғанға тұрғаны, алыстан келгенге ауыл адамы, жатқан адамға тұрған адам, ауру адамға сау адам, көп адамға аз адам бұрын амандық білдіреді. Алайда, отырған, жатқан, ауырған адам мүмкіндік болса тез арада орынан тұрып, не болмаса басын көтеріп өзіне сәлем берген адамның сәлемін алуы керек. Сондай-ақ, казак салтында үлкен, сыйлы адамдардың, аруақты ауылдардың жаңынан, тұсынан өткенде де сәлем беру дәстүрі болған. Егер сәлем бермей өтсе, “көргенсіз”, “сәлем беруге жарамаған” деп сөгетін болған. Сәлемдесу – адамдардың адамгершілігі мен моральдық бет-бейнесін көрсететін, адамдарды татулық пен достыққа, береке-бірлікке жетелейтін дәнекер деп қарап,

ұрпактарына амандасудың жөн-жосығы мен тәртібін егжей-тегжейлі ұғындырып, сәлем беру, амандық сұрасу тәрбиесін мұқият журғізіп отырған. Қазақ халқында көп жасаған, копті көрген адамдарға арнағы барып сәлемдесу, олардың батасы мен ақыл-кенесін алу салты, таныстармен сәлемдесу, жұстанистармен сәлемдесу рәсімдері бар. Бұл сәлемдесу реттері ауызша да, онымен қатар жүретін қимыл ізетімен де қоса атқарылады. Мысалы,

– Игілік!.. Сәлем!.. – деп қалып еді, енді шанадан аюдай бұлқына түсіп келіп, қолдасып амандасты. – Амандық па? Бәйбіше дени сау ма? (F. Мұсірепов).

Амандасу кезінде дene мүшелерінің ішінде қол қимылы жиі қолданылады. Осыған орай казак тілінде қол беру, қол алысу, қол қысу, қол қусыру ал түрік тілінде *tokalaşmak* [токалаш-мак] (кол алысу), *el sikişmak* [эл съкышмак] (кол қысу), *elini uzatmak* [элини узатмак] (кол беру) сиякты тұракты тіркестер катылтаскан.

Бауырына басып амандасу. Бауырына басу – кобінесе ата-ана баласымен, туыстық жақындығы бар адамдар өзінен жасы кішілермен т.б. амандасқан кезде жасалатын ишарраттардың бірі. Бауырына басу қимылы түрік және казак халқында ғана емес барлық халықта дерлік тек амандасу мағынасын емес, сонымен бірге

жақсы көру, еркелету, сағыну, сую сезімдерін де іс-кимыл арқылы білдірудің бір жолы.

Қол беріп (созып, ұсынып) амандасу. Амандасу кезінде орындалатын аталған ізет кимылдарының ішінде ең жиі қолданылатыны – қол беру, қол алысу. Қазақ халқында да түрік халқында да кеңінен қолданылады. Мысалы,

– Ассалаумагалейкум, – деп мен сақалды адамга сәлем беріп, қол ұсындым (С. Мұқанов). Қол алыш сәлемдесу, осы қимыл арқылы өзінің ниеті мен тілегін білдіру салты әлем халықтарының көпшілігінде таралған паралингвистикалық амалдардың бірі. Амандасқан кезде шіреніп, кекірейіп тұрып алу, бір қолды қалтадан шығармау, ықылассыз қол ұшын бере салып, қайтадан тартып алу, ұсынған қолды алмау тәрбиесіздік болып саналады.

Қол алысып амандасу екі адамның арасында да, бірнеше адамның арасында да жүреді. Бір адамның көпшілікпен, бір топ адамның бәрімен қол алысып амандасуы жағалай қол беру деп аталады.

Екі-үш адам тұрса үлкенін бастап, ал бір топ адам тұрса өзіне ең жақын тұрганына бастап қол береді. Қазақ салты бойынша көп адам отырған үйге кіріп сәлемдескенде, үйге кірген бойда төрде отырған адамдарға тіке қарап: “Ассалаумагалейкум” деп сәлем беріп алыш, он жақтағы ең тәмен отырған адамнан бастап қол алысып, төрге қарай жалғастырады. Топ адамның ішіндегі үлкенін, немесе құрметтісінен бастап сәлем беремін деп бірсеп төрге, бірсеп өрге жүгіріп жүру әбестік болып саналады.

Егер он жақта әйелдер қауымы отырған болса, онда сол жақ іргедегі адамнан бастап қол алысу керек. Егер үйдегі адамдар ас ішіп отырған болса, тек ауызша сәлем береді, қол алыспайды.

Қос қолдан сәлем беру. Қазақ дәстүрі бойынша ер-азаматтар, балалар өзінен жасы үлken ер адамға “Ассалаумагалейкум ата!” немесе “Ассалаумагалейкум аға!” деп екі қолын бірдей ұсынады. Ал, сәлем алушы: “Ұағалейкумассалам!” деп екі қолын созады. Сәлем беруші адамның екі қолын бірдей ұсынуы – бар ықыласыммен, үлken құрметпен сәлем беріп тұрмын дегенді білдіреді.

Қос қолын ұсыну қимылын тек сәлем беруші ғана емес, қарым-қатынас жағдайыны қарай үлken адам бірінші сәлем берген кезде сәлем алушы да ұсынады. Қос қолдан сәлем беру де тек түрік және қазақ халықтарына ғана емес адамзаттың көпшілігіне тән, үлken құрмет көрсетіп тұрғанын білдірудің бір жолы.

Тізе бүгін амандасу. Қазақ келіншектері қайын аталары мен енелеріне, қайын ағалары мен абысын-ажынға, өзі келін боп түскен жердің үлкендеріне, ауылға келген құрметті

қонақтарға тізесін бүгіл, он қолын жүрдеп, сол қолын тізесіне қойып иліп салып беріп. Келіндердің сәлем еткен кезде тізесін бүткішілігін, ал қолын тізесінің үстіне қолын адалдықты, өмірге еш арамдығын жүрдеп, он қолын жүрегіне басуы – ак жағдайда сәлем етіп тұрмын дегенді білдіреді.

Қолын қеудесіне қойып амандасу. Амандасқан кезде қолын қеудесіне қою жағынан тоқақ келіндеріне ғана тән паралингвистикалық амал емес, қолын қеудесіне қою ер адамдарға амандасу әрекетінде де кездеседі. Қолын жүрдеп тұсына, яғни, жүрек тұсына қою ыстық ынтымалып жылы жүректі білдіреді, сондай-ақ, әдеттілік пен сырттайтын көпшілікпен жақсы зертте құрметтің белгісі болып табылады. Мысалы, Даусы үнді келген үлкен көз, кең маңайда жігіт әуелі оязға:

– Здрасты, Ваше благородие! – деп орындаған үн қатты. Сол сәтте көзін жағт еткен Абайға бұрылып:

– Әссалаумұғалейкум, Абай аға! – деп үшін қолын тоқіне қойып, мұсылманша тағжын білдірді (М. Эузев).

Үлттық мәдениеттің этно-мәдени ерекшеліктерін көрсететін негізгі бір арна – көркем шығармалар. Бейвербалды амал-тәсілдерді талдау мақсатында жиналған тілдік материалдардан коммуниканттардың қолын қеудеге қою қимылымен бірге камшысын қеудеге қою қимылын да суреттейтін фактілер кездесті.

Бас изен, бас иіп амандасу. Амандасу кезінде қол қимылынан кейінгі қолданылу жиілігі жоғары бас изеу, бас ию қимылдары. Бас изесіп сәлемдесу, бас иіп тәзім ету көптеген әлем халықтарының мәдениетінде құрмет пен ізетті білдіреді. Сәлем берушінің он қолын сол қеудесіне – жүрегіне басып, басын ию – ак жүрекіммен сәлем етіп тұрмын дегенді білдіреді. Құнделікті таныс, жұттаныстармен сәлемдескенде тілдік амалмен қатар жүретін амал – бас изесу. Бұл амал тілдік амалмен қатар да, жеке де қолданыла береді. Яғни, бас изеу – коммуникацияның вербалды амалының да орын ауыстыра алады. Коммуниканттар көп жағдайда амандасудың тілдік этикет формаларын қолданбай-ақ, амандасу мағынасын беретін бейвербалды амалды қолданып, бас изесіп те кете береді. Бұл түрлі ситуацияларға байланысты қолданылады, мәселен, асығыс жағдайда, көпшіліктің ортасында, дауыстап сәлемдесу мүмкін болмайтын, коммуниканттардың бір-бірінен қашық орналасуы жағдайында т.б.

Иек қағып (көтеріп) амандасу. Иек қағып амандасу – амандасудың вербалды этикет формаларымен қатар да, жеке де қолданыла береді. Коммуниканттар көп жағдайда амандасудың тілдік этикет формаларын қолданбай-ақ, иек қағып амандасып кете береді. Бұл түрлі

ситуацияларға байланысты мәселен, асығыс жағдайда, көпшіліктің ортасында, дауыстап сәлемдесу мүмкін болмайтын, коммуниканттардың бір-бірінен қашық орналасуы жағдайында, сондай-ақ, жақсы таныс емес коммуниканттар арасында қолданылады.

Төс қағыстырып амандасу. Амандасу рәсімі кезінде жүретін бейвербалды амал-тәсілдердің бірі – қазақ салтына сай ер адамдардың төс қағыстырып амандасуы. Қеудесін-кеудесіне тигізіп, яғни, төс қағыстырып амандасу ер адамдар арасында кездесетін амандасудың ен күрметті түріне жатады. Зерттеу барысында жиналған тілдік материалдарға жасалған сұрыптау амандасудың мұндай түрі суреттеген тілдік материалдар көркем шығармалардың басқа түрлеріне қарағанда тарихи романдарда жиі кездесетіндігін көрсетті. Мысалы, Хан енді қазақ әдетімен алдымен құшагын айқастырып, қеудесіне қеудесін тигізіп, әуелі Асан қайымен сәлемдесті, содан соң барып Қотан жыраумен, Қазтуғанмен амандасты (І. Есенберлин). **Қамиши тастау.** Ерте заманда сөз беруді өтінүүшін жасалатын ишараптың бірі.

Қолдан, маңдайдан, бетімен сүйіп Амандасу. Амандасу кезінде тілдік этикет формалармен қатар қолданылатын бейвербалды амалдардың бірі – сую. Көптен көрмеген ұл-қыздары келіп сәлемдескенде ата-анасы, үйге туған-туыс, досжаранның балаларын келіп амандаскан кезде жасы үлкен үй иелері олардың сәлемін алып, маңдайынан, бетінен немесе қолының сыртынан сүйеді. Әдetteттік – қызының маңдайынан, ұлының бетінен, келінінің он қолының сыртынан сүйеді. Қазақ салтында сүйісу жоқ, бірақ сую бар. Сүйетін көбінесе жасы үлкендері.

Қолды маңдайга тигізу немесе сую. Түрік отбасына жасы үлкен қария қонаққа келсе немесе жасы үлкен кісі ұзақ жол сапардан келіп жатқан кезде үйдегі балалар келіп ол кісіге сәлем берген кезде, қолын алып сүйіп маңдайларына тигізеді. Үлкен кісі: *Sağ ol yavrum* (Аман бол балапаным!), *Berhurdar ol yavrum /oğlum/ kızım* (Бақытты бол йаврум/ұлым/қызыым) немесе *El öpenlerin çok olsun* (елге

қадырлы болып, қолыңды сүйетіндер көп болсын) деп ризашылығын білдіреді. Бірінші мысалдағы *cay* бол тіркесі қоштасу мағынасында емес раҳмет деген мағынада қолданылып тұр. Қазак сөз этикетінде жиі қолданылатын *Cay болыңыз!* әдеби тілде қоштасу мағынасын бергенімен Қазақстанның батыс говорында, Түркіменстан және Иран қазақтарының тілінде *рахмет* деген мағынаны береді. Сөз арасында іззеттілік көрсеткенде, ризашылық білдіргенде, алғыс айтканда *cay* болыңыз делінеді. Жергілікті тіл ерекшелігі ретінде қарастырылатын сөз этикетіндегі мұндай ерекшелік арнағы зерттеуді қажет етеді. Мұндай ерекшелік көршілес тілдердің әсері де, сондай-ақ байыргы тілдік қолданыстардың жергілікті жерде сақталып қалуы да болуы мүмкін.

Бақытты бол мағынасын беретін Berhurdar ol! (Бәрхурдар ол!) тіркесі тек осы жағдайға ғана, яғни, үлкен адамның қолын сую кезінде ғана қолданылады. Басқа жағдаятта айтылмайды және тек үлкен кіслердің аузынан ғана айтылады.

Кол көтеру. Аппелятив қызмет атқаратын этикет тілдік бірліктермен қатар да, олардың қатысының да біреудің назарын аудару үшін қолданылатын бейвербалды амалдың бір түрі.

Кез келген тілдегі қарым-қатынас аппелятивтік, фатикалық қызмет атқаратын этикет тілдік бірліктерді қолданудан басталады. Келтірілген бейвербалды құралдар тілдік қарым-қатынастың бастапқы кезеңінде қолданылып, негізгі аппелятивтік, фатикалық қызметімен қатар эмотивтік, кейде коннативтік қызметтерді де қоса атқарады. Бейвербалды құралдардың бұл тобы өз ерекшеліктеріне қарай тілдік құралдармен паралельді түрде де, жеке де қолданылатын кездері болады.

1. Gözaydin N. Dil ve folklor olayları üzerine. Gazi Üniversitesi, 1975. Ankara.
2. Kartarı Asker. Farklılıklarla yaşamak kültürlerarası iletişim, Ürün yayınları, 2001. Ankara.
3. Сыздықова Р. Сұхбаттасу мәдениеті. Сұхбат № 2, Алматы. 1990.
4. Ұәлиев Н. Сөз әдебі. Алматы. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы. 1998.

Н.Ш. Юсупов

ПРОБЛЕМЫ СТИХОТВОРНОГО ПЕРЕВОДА КАСЫДЫ «АЛЬФИЯ» ИБН МАЛИКА

Нет сомнения в том, что на протяжении человеческой истории было разработано много способов и методик обучения различным языкам. Люди с давних времен старались облегчить изучающим запоминание грамматических правил, и арабский язык не является

исключением из этого правила. Так, впервые в 12-14 веках образовательной истории человечества появились такие методические обучающие литературные формы, которые не были известны нигде в мире. Одной из таких форм является поэтический труд - касыда «Альфия»